

## MUHAMMED FIZULİDİN ŞYĞARMASHYLIGY

*Nazerke JEKSENBAYEVA\**

### Tүйіндеме

Мақалада шығыстың ең ірі ақындарының бірі - Мұхаммед Физулидің шығармашылығы жайлы қарастырылады. Оның өмірбаяны, жазған еңбектері жайлы да қамтылады. Оның шығармалары бірнеше тілдерге аударылған. Физули шығармашылығы арқылы өмірдің мәнін, адам мен қоғам арасындағы, табиғат пен әлеумет ортасындағы байланыстың көзге көрінбейтін қалтарыстарын тануға, түсінуге мүмкіндік береді. Ақын өз шығармаларында әйгілі үстірт жанрларының ұтымды қолдана білген. Физули Ирак мемлекетінде дүниеге келсе де өз халқын, тілін ұмытпаған. Түрік тілін жер жүзіне танытып, оның әдебиетінің ары қарай дамуына көп үлес қосқан. Ақын барлық өмірін поэзияға арнады. Физулидің шығармашылығының шыңы ғашықтық дастаны "Ләйлі және Мәжнүн" болып табылады. Бұл дастан ғашықтық дастаны. Көптеген тілдерге аударылып, әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған ғашықтық дастан. Сонымен қатар мақалада ақынның шығармаларында европалық стильдің әсері мен оны өз шығармаларында ұтымды қолданғаны жайлы баяндалады.

**Түйін Сөздер:** Физули, Түрік әдебиеті, Ғазал, Меснеуи, Касыда, Рубай.

## MUHAMMED FUZULI'NİN SANATKÂRLIĞI

### Özet

Bu makalede, Doğu'nun en büyük şairlerinden biri olan Muhammed Fuzuli'nin sanatkârlığı ele alınmıştır. Fuzuli'nin hayatı ve eserlerine de değinilmiştir. Fuzuli'nin eserleri çeşitli dillere çevrilmiştir. Fuzuli'nin sanatkârlığı vasıtasıyla yaşamın özünü, görünmeyen insani ve toplumsal ilişkileri, doğa ve çevre arasındaki sırları anlamamızı sağlar. Şair, eserlerinde çok bilinen türleri ustalıkla kullanmıştır. Fuzuli, Irak'ta dünyaya gelse de öz halkını ve dilini unutmamıştır. Türkçeyi dünyaya tanıtır Türk edebiyatının gelişmesine büyük katkı sağlamıştır. Şair, tüm ömrünü şiire adanmıştır. Fuzuli'nin eserlerinin zirvesi Leyla ile Mecnun mesnevisidir. Bu mesnevi, bir aşk destanı olup pek çok dile çevrilmiş ve günümüze kadar değerini kaybetmemiştir. Bunun yanı sıra makalede şairin eserlerinde Avrupalı tarzın etkisi ve bu tarzın şairin eserlerindeki kullanımına yer verilmiştir.


**Anahtar Sözcükler:** Fuzuli, Türk Edebiyatı, Gazel, Mesnevi, Kaside, Rubai.

## CREATIVITY OF MUHAMMAD FUZULI

### Abstract

The article deals with the one of the greatest poets of the East - Muhammad Fuzuli. His biography and works are also included. His works have been translated into several languages. Thanks to the creativity of Fuzuli we can understand the essence of life, the invisible relationship between man and society, the interaction between nature and the social environment. The poet used the rational use of famous superficial genres in his works. Although Fuzuli was born in Iraq, he did not forget his language and people. He introduced the Turkish language to the world and contributed to the further development of his literature. He devoted

\* Yüksek Lisans Öğrencisi, Kaynar Üniversitesi, Almatı / KAZAKİSTAN, el - mek: nazo-1990@mail.ru

 ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9243-6981>

his life to poetry. The peak of Fuzuli's creativity is the legendary "Leila and Majnun". This is a love epic. It was translated into many languages and never lost its value. The article also describes the influence of the European style on the poet's work and its rational use in his works.

**Key Words:** Fuzuli, Turkish Literature, Ghazel, Mathnawi, Ode, Rubai.

Физули Мұхаммед - шығыстың ең ірі ақындарының бірі. Оның өлеңдері Жақын және Орта шығыс пен Түрік халқының классикалық орта ғасырлық әдебиетінде жоғары бағаланатын әдебиет тарихындағы ерекше құбылыс. Міне төрт ғасырдан артық Физулидің адамгершілік пен нәзік сезімінің өлеңдері ауыздан ауызша таралып, тек Түрік халқына ғана емес баршаның игілігіне айналған. Оның өлеңдері Орта Азия халқы мен Түркияның жалпы түркі тілдері тарихында ауыздан-ауызға таралған. Оның тамаша парсылық ғазалдары және араб қасыдалары парсы тілді оқырмандардың талғамынан шығып, араб әзілқойларын таңдандырды. Ақын әрі ойшыл Физули өз уақытының терең мәнді ойларын сақтаушы болды. Ол аса данышпандықпен өзінің шығармаларында адамгершілік сезімдерді жеткізе білді. Физули XVI ғасырдың бірінші жартысында Ирактың Кербала қалашығында, Хиллада, Наджаф және Бағдадта өмір сүріп, өз туындыларын жарыққа шығарады. Бұл мерзімнің Әзірбайжан мен Таяу Шығыс тарихында және ақын жинағында ерекше мәні болды. Дегенмен Физули отанынан алыста өмір сүргенімен, ол өзінің тұрған жерінде Азербайжан мен оның алыс аудандарында болып жатқан уақиғалардан шет қалмады. Физули өз тілінде мәдениеттің ұлы ескерткішін жасады. Түрік тілін жер жүзіне танытып және әдебиеттің ары қарай дамуына көп үлес қосты. Физули өмірінің ерекше белгісі поэзияға құмарлық болып табылады. Абзалы, ол сол уақытқа дейінгі адамдардың рухани қажеттілігін қанағаттандыру үшін жырлармен қызмет көрсетті. Оның поэзиясына ерекше лауазымды патшалар, сарай маңындағы мәртебелілерден бастап көңіл қойды [Физули, 1958: 19,47].

Физули, сонымен бірге өз дәуірінің ұлы бола тұра, әйгілі үстірт жанрларға да нақтылы өз бағасын берді. Ол өзінен кейін мумма мен тарих жинақтарын қалдырды. Бұдан басқа, ол өз шығармаларында бұл жанрларды жиі қолданды.

Физулидің толық аты - Сулеймен ибн Мұхаммед. Ақынның дәл туған жылы әлі де белгісіз жыл. Санау бойынша ол 1498 жылы дүниеге келген. Бірақ кейбір деректерде және ақынның шығармаларында ол бұрынырақ дүниеге келгені айтылады. Ақын Бағдадтан қашық емес Кербала қаласында дүние есігін ашады. Физулидің әкесі Сулеймен кім болған, немен шұғылданғаны белгісіз. Ол Мұхаммедке көзінің тірісінде тамаша білім алу мүмкіндігін берді. Оның қабілеті де ерекше болатын. Кейбір деректер бойынша ол Хилла қаласында имам болған. Дегенмен бұл туралы сенімді деректер жоқ. Сонымен бірге оның бізге белгілісі Баяттың Әзірбайжан тайпасынан тарағаны. Таяу Шығыс халқы Физули жүзінен XVI ғасырдың ең үлкен ғалымын және ойшылын көрді.

Физули өз білімін жетілдіру үшін Бағдадқа келеді, Шығыстың ең таңдаулы мұсылман мәдениеті орталығынан, белгілі ғалымдар мен әдебиетшілерден сабақ алатын. Бұл жерде арабтардың, ирандықтардың, түріктердің, еврейлердің тағы басқа халықтардың мәдениеттері тоғысатын. XV ғасырдың соңында Бағдадта өмір сүріп, өздерінің тамаша туындыларын шығарған араб ғалымдары, тамаша әзірбайжан ақындары, дарынды Иран жазушылары болды. Ал XVI ғасырда сол қалада әзірбайжан ақындары Шәмші, Захндар, Заии Илми, Риндидай өмір сүрген.

Физули шығармаларын үш тілде жазған. Физули бастапқыда Сұлтан Сулейменмен оның әскербасына арнап өлең жазған. Физули әзірбайжан ақындары алғашқыларының бірі болып, араб және парсылық тілден арылу үшін таза әзірбайжан халық өрнектерін қолдана, өз тілінде жазып шығара бастады. Бұның барлығы әзірбайжан

әдебиетінің тарихындағы Физулидің орнын жоғары бағалау үшін аса қажет. Ақынның әкесі Сүлейман Әзірбайжаннан Иракқа қайта қоныстанып мүпті болады, Хиллада дінбасы қызметін атқарады. Физулидің әкесі баласына сол уақыттағы тамаша білімді бере алды: араб және парсы тілдерінен басқа, ол математиканы, астрономияны, дәрігерлікті, логиканы жете талқылады, Фирдоуси, Низами, Хагандар, Хафиза, Навои тағы басқалардың поэзияларын жақсы талдай білді. Физули барлық өмірін Бағдадта, сол уақыттағы мәдениеті жоғары және бай қалалардың бірі болатын. Сонда тамаша керемет туындыларын өмірге әкелді. Ол сол кездегі Шығыстың баға жетпес және қайталанбас ақындарының бірі болатын [Физули, 1958: 5, 18].

Физули барлық өмірін поэзияға арнады. Ол көп шығыс ғылымдарын талқылады, өзіде сол уақыттың ірі ғалымдарының бірі болды. Ол көне грек философиясымен, Гераклит, Аристотель, Пифагор және Платон еңбектерімен таныс болатын. Ұлы ақын және ғалым мұсылман және христиан дүниесінің мәдениеттеріне XVI ғасырдың алдыңғы ойшылдардың бірі болып талдау жасады. Ақын кедейшілікте жүрсе де феодалдар және сұлтандардан именбей өмір сүрді. Ол Бағдад аймағының шегінен ешқашан шықпады, бірақ әрдайым өзі текті әзірбайжан халқының ақыны болды. Данышпан Физули шығармаларында төрт жүз жылдықтар тамаша сыналды. Физули ұлы әзірбайжан халқының ақыны және өз кезеңінің жақсы, озық идеяларын жеткізуші, ғалым. Әзірбайжан халқының даңқы үшін күрескен ақын, әлемдік поэзияның ең ірі өкілдерінің бірі болып тарихта қалған адам. Физули өлеңі Әзірбайжан және барлық Шығыс әдебиетінің ары қарай дамуына үлкен ықпал етті. Сонымен бірге бұл жерде әзірбайжан мәдениетінің дербес мәні және дамуы айтылып, басқа халықтардың мәдениетіне ұзақ жылдықтар ішінде ықпал етіп отырған.

XVI ғасырда әзірбайжан поэзиясы құлпыра гүлденуі үстінде болды, ал ұлы Иран әдебиеті құлдырай бастады. Ең үлкен Иран ақындарының бірі Хафиза бұл елді «Темір қиратқан» деп жазған. Темір мәдени өмірдің орталығы Бұхараға Иран ғалымдары мен тарихшыларын көшіріп қоныстандырды. Тимуридтердің үстемділігі барлық XV ғасырда иран әдебиетінің гүлденуіне тосқауыл болды, сол кездегі жалғыз ақын Джами болатын. Джами соңғы классикалық Иран ақыны болып тұрды. Иран поэзиясын қайта көтерілуіне XVI ғасырдың сефевидтік шахтар өкіметімен Иранның бірігуі де көмектеспеді. XVI ғасырдағы Иран поэзиясының құлдырауы мен әзірбайжан поэзиясының гүлденуі араб - Иран ықпалынан көбіне-көп босауынан болды. Узун патша және оның мұрагерлері патшалық етіп тұрған кезде, Тавриз үлкен әдеби орталық болатын, Әзірбайжан ақындары және Иран ақындары ағып келетін. Аг-Коюнлу әулетінің ауласы өзге ғалымдар және ақындарды қатты қызықтырды. Әзірбайжан тілі кеңінен таралуына мүмкіндік алды. Бұл тілдің мәні Исмаил Хатаи шахтың кезінде көп көтерілді. Осының барлығы әзірбайжан поэзиясының құлпыра гүлденуіне байланысты жасалды. Физули өз ана тілін дербес дамытуға әзірбайжан тілінің құқығы болуы үшін өз өнерімен дәлелдеп қана қоймай барынша дәріптеді [Араслы, 1958: 4,6].

Физулидің шығармашылығының шыңы ғашықтық дастаны "Ләйлі және Мәжнүн" болып табылады. Бұл дастанда Физули екі ғашықтың баянсыз махаббаты жайлы және олардың бақытқа жетуге деген арманы туралы әңгімелейді. Ләйлі және Мәжнүн бұл-Батыстың Ромео және Жульеттасы; олар адамдардың арасындағы феодалдық және діни қақтығыстарға жаңа қатынастарда күреседі. Физулидің ғашықтық дастаны екі жастың бірін - бірі сүюі, жылдар бойғы қалыптасқан дәстүрді бұзып, өз құқықтарын қорғауы. Дастанда ислам дініне кереғар, жаңа ойлар, жаңа адамгершілік қатынастар жайлы баяндалады. Негізінде бұл дастанды бірнеше ақындар да жазған. Олар осы екі ғашықтар хикаясын өздерінше жырлап, толықтырып, өзгертіп отырған. "Ләйлі - Мәжнүн" - Шығыс халықтарында көне заманнан кең тараған ғашықтық дастан. Онда VII-VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны Каис ибн Муадтың махаббаты жырланады. "Ләйлі - Мәжнүн" дастанын кейін бір жүйеге түсіріп, алғаш біртұтас поэмаға айналдырған

әзербайжан ақыны Г. Низами. Кейін Дехлеви, Жәми, Науаи, Физули, тағы басқа ақындар жырлады. Парсы, түркі халықтары Мәжнүннің Ләйліге арнап шығарған өлеңдерімен таныс болған. Дастанның оқиға желісі: Араб елінде бір перзентке зар болған дәулеті асқан бай Алладан жатса-тұрса бала сұрайды. Тілегі қабыл болып, бір ұл көреді. Каис ер жеткенде Ләйліні көріп, ғашықтықтың торына шырмалады. Қыздың сұлулығына қайран қалған жігіт есінен танып, ақылынан адасады. Әкесі Ләйліні басқа адамға қосады. Мұны естіген ғашық жігіт жапан түзді кезіп кетеді. Сөйтіп, Каис “Мәжнүн” аталады. Елден жырақ кеткен Мәжнүннің көкірегі толған ащы шерді ұшқан құс пен жортқан аңнан басқа ешбір жан түсінбейді. Жапа шегіп, жаны күйзелген Мәжнүн Ләйлінің өлгенін естігенде есінен танады. Сүйгеніне қолы жетпей бұл өмірден ол да өтеді. Кейбір ғалымдар “Ләйлі - Мәжнүн” жырын сопылық поэзия үлгісінде жазылған, символдық мәні терең жыр деп таниды. “Мәжнүн” сөзі “есінен адасу” мағынасын берсе, Ләйліге деген махаббат Аллаға ғашықтықтың символы ретінде берілген дейді зерттеушілер. Дастан оқиғасы осылай сипатталады. Екі ғашықтың махаббатымен қосыла алмай аяқталуымен бітеді. Бірақ әр ақын дастанды өздерінше өзгертіп, толықтырулар енгізіп жазған. Физулидің жазған дастандарын кейбір зерттеушілер Европаның стилдеріне ұқсатады.

Бұл жерде европаның да ықпалы бар. Физули европалық әлемге жақын болды. Ол ғылымға үлкен мән берген алғашқы әзербайжандық ақын. Физули ең жоғарғы мәдениет, ғылым болмаса поэзия жоқ деп санады. Ф.Энгельс айтқан "ең үлкен озық төңкеріс еуропалық ықпал" сол еуропалық Физули өнеріне ықпал етті ме? Физули өзінің философиялық ойларында көне грек ойшылдарының материалистік оқуларымен үндеседі. Сол уақыттарда грек тілінен араб тіліне көбіне математика, астрономия, философия және логика еңбектері аударылды. Академик В.В Бартольд айтқандай "Арабтардың ғылымы және өнері әрине грек мәдениетінің табыстары арқылы, христиандар және парсылар ықпалы арқылы дамыды" [Старостин, 1958: 25].

Физули грек философтарын білді. Физули есімі грек мәдениеті және европалық қайта өрлеумен ұластыруға дәл келетіні. Өзінің ақындық шеберлігімен, дүние тануымен Физули адамдардың бет - әлпетін еске салады, бірақ ол батыстың ықпалын әрдайым сезініп отырды. Физули ғылымның басымдығын таныды, өзінің өлеңдерінде бостандыққа ұмтылған, Орта ғасыр табынан босанғысы келген, діни қапас және феодалдық зынданынан шыққысы келгендерді жырлады. Физулидің әлемге деген мүддесі, оның кең энциклопедизмі және әмбебаптық жан-жақтылығы, оның өнерінің алуан түрлілігі, исламның діни догматтарына сыншылдық, ашық, сергек ойлары [Арослы, 1958: 36].

Физули әзербайжан әдебиеті тарихында үлкен сезімдер және идеялардың ең ірі лирик ақыны ретінде орын алды. Оның көп ғазалдары үлкен шабытпен, адалдықпен және жылулықпен жазылып, жырланды. Физули ғазалында өз Беатричиясы, тамаша махаббаты дәріптеледі. Материалист – метафизик Физули өзінің дүниетанымына, қоршаған ортаға адалдықпен, тазалықпен қарады. Ол еркін махаббатты шарапқа, қуанышқа, бостандыққа теңеп жырлады. Феодалдық үстемдікке қарсы болды, еркін ойлар мен шынайылықты жақтады. Физули керемет көркем сөз суреткері метафорлар мен нақыл сөз шебері, аяусыз және зорлықпен елді билеген шахтар мен хандарды жек көрді ол өзінің ақындық шеберлігіне және болашақ ұрпаққа сенді. Физули ғазалдары музыкалық. Олар әзербайжан халқы арасында көптеп қолданылады әлі де махаббатпен қолданылып келеді. Көптеген ғазалдары халық арасында ауызша формада белгілі және әлі де үлкен жетістікпен халық әншілері айтып жүр. Адамдар тағдыры туралы, үлкен философиялық ойы бар өзінің лирикалық сезімдері жайлы тіркестіру ұстасында Физули былай дейді:

«Мен өмірді бірнеше рет сыйға бердім, бірақ бақытты таппадым.  
Аяуды сиындым, бірақ пешенем сенен де қайыр таппадым.  
Керісінше ие болатынның бәрін жоғалттым, қайыршы болдым,

Сенің қырсықтығыңнан нәзіктіктегі бальзамды таппадым.  
О, егер мен саған қалай азаптанғанымды әңгімелесем:  
Қайғылы құл салтанатты үйге кірді, бірақ өкіметті таппады.  
Мен бейшара құмырсқа секілді тырбанып сүйретілдім,  
Бірақ бақытсыздыққа орай Соломонды таппадым.  
Мен Физули, бір кедеймін. Қош бол сұлуым!  
Мен опат болатын қайықтамын дауылдағы, мен құрал-сайманды таппадым»  
[Бертельс, 1962: 51, 52].

Ұлы ақынның өлеңдері ұрпақтарының еліктеп жазуына әкелді. Тіпті XIX ғасырдың жетпісінші - сексенінші жылдарының ірі ақыны Сейд-Азим Ширванидің өзі Физули ықпалынан құтыла алмаған. Физули шығармашылығы азірбайжан әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді, сондай-ақ азірбайжан әдебиеті таяу шығыс елдерінің әдебиетіне де ықпал ете бастаған. Физули азірбайжан поэзиясының ары қарай дамуына да үлкен үлес қосты. Физулидің ғазалдары, қасыд, дастан, рубайларынан басқа кітабына оның аса танымал прозалық саяси сатиралық «Шикаят – Наме» шығармасы да кіреді. Физулидің бұл шығармасы өзіндік көркем және саяси мәннен тысқары, көркем қара сөздің көне ескерткіштерінің бірі ретінде түбегейлі құндылықтарын ұсынады [Ізтілеуова, 2007: 29,66].

Физулидің Фазли деген ұлы болды. Физули өзінің атақты «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын 1537 жылы аяқтады, онда ол 57 жаста болатын. Дастанда өзіндік бір ишара белгілері бар. Ақын өзінің ұлының тыңдамайтындығы жайлы баяндайды:

Баласызды жоғалған адам деп сана,  
Ол балалармен мәңгі есте сақталған.  
Тең балалар өмірдің элексири;  
Балаларың болса атың да қалады.  
Адам бақытты егер ұлы жақсы болса,-  
Өмірде тек жақсыға лайықты!  
Ойпырым-ай, егер ол зердесіз бағынбайтын болса,  
Өзінің жаманшылығын тәртіпсіздігін көрсетсе,  
Әке – шеше соры болар.

Бұл жолдар Физулидің өз ұлына көңілі толмайтынын айтып, дастанында бүліншік ұлдар туралы анық айтады. Өз шығармаларында Физули 50 жыл бойы Әли Меддах болғанын мойындайды. Өзінің Үндінің әміршісі Низам – ул – Мюльқаға арнаған қасыдасында ақын тікелей былай дейді:

«О, алдияр, мен әлдеқашан патша әулие-әнбиелердің даңқын шығарамын,  
Мен елу жылдар бойы олар туралы аңыздардағы сөзін сөйлеймін,  
Егер менің сөзіме куәгер болар адам болмаса  
Бұл биік салтанатты үйдің төбесі қалай берік, менің табандылығым сондай,  
Бірде жеткілікті, енді бірде жеткіліксіз, мен өшіп барам».

Расында бұл жолдардан ақынның мезгілсіз қартайғаны білінеді, бірақ оның мойындағаны елу жыл бойы Алидің даңқын өлеңі арқылы шығарғаны тек қана ақындық гипербола [Мұқанов-Дүйсенбаев, 2007: 55].

Физули өнері өте бай және сан қырлы. Физули өнері өте кең түрде көп лирикалық сатираларда, аллегориялық дастандарда, ғылыми әйгілі шығармаларда және прозалы шығармаларда кеңінен пайдаланылған [Араслы, 1958: 95].

Әзірбайжан халқының классик ақыны, Мұхаммед Физули: «Ғылымсыз поэзия іргетассыз үй секілді, ал іргетассыз үйге қалай сенесің. Мұндай ғылымға негізделмеген поэзия жансыз дене сияқты» – деп жазды. «Менің ақылымның көкжиегінде поэзия Айы туып келе жатыр, оның Күн шұғыласы тәрізді нұры дүниені жарыққа бөлейді», – деді ол.

#### **Пайдаланылған Әдебиеттер**

Араслы, Г., (1958). *Великий Азербайджанский поэт Физули*. Баку: Издательство Детская и Юношеская литература.

Арослы, Г., (1958). *Физули о Нем*. Баку: Издательство Фабрика.

Бертельс Е. Э., (1962). *Низами и Физули*. Москва: Издательство Восточное литература.

Ізтілеуова, С., (2007). *Шәкәрімнің шеберлігі*. Алматы: Жазушы баспасы.

Мұқанов, Қ. Н., Дүйсенбаев, С. Т. (2007). *XXI Ғасыр және Шәкәрімнің Мұрасы*. Семей.

Старостин, А., (1958). *Физули Мухаммед Сулейменовлы*. Баку: Издательство Азкенер.

*Физули*. (1958). Баку: Азербайджанское государственное издательство.